

2022-2023 оқу жылындағы Тәрбие жұмысының талдауы.

Оқу жылының басында атқарған жұмыстарды талдау арқылы 2022 – 2023 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді.

Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды. Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие құқықтық тәрбие.
2. Рухани - адамгершілік мәдениет
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Жыл басында даталы мерекелік апталықтар сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты:

Мектептегі тәрбие жұмысында өткізілетін түрлі кештер, КТК (КВН), зияткерлік ойындар, тренингтер, пікірсайыстар, дөңгелек үстелдер мұғалімдердің жоспарынан тыс қалмайды. Әр мұғалім қызықты етіп, оқушы талғамына, жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлап өткізеді.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланды.

Мектебімізде «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022 – 2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында ұсынылған ұсынымдар, негізгі жобалар мен 2022 – 2023 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндер енгізілді.

Мектебімізде алғашқы қоңырау «Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиыны І-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табыс етілді.

2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар сыныпта өткізілді.

5 мен 15 қыркүйек аралығында Ұлттық тәрбие бағытын негізге ала отырып ұйымдастырылған «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай, қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толуына арнап, айтулы он күндіктің іс-шаралары өз дәрежесінде атқарылып өтті.

«Мен – өз елімнің патриотымын» атты тақырыпта оқушылар мен ата-аналар арасында сынып сағаттары жүргізілді. Бұл сынып сағаттарының түрлері - мерекелік, саяхат, саяси, интерактивті сағаттары түрінде өтеді. Оның ішінде сынып сағатында топтық, шығармашылық тапсырмалар орындалады. Әртүрлі қызықты тапсырмалар орындатылады. Интерактивті тақта арқылы слайдтар көрсетіліп, СТО элементтері қолданылады. Оқушылар кластер құрады.

Денсаулық күніне байланысты «Ұлт денсаулығы – ұлттық міндет» іс-шарасы оқушылар арасында ұйымдастырылды. Дене шынықтыру мұғалімдері баскетбол, волейбол сынды жарыстарды үздіксіз ұйымдастырып тұрады. Оқушылардың демалыс уақыттарында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын үйірме жетекшілері ойнатып отырады. Өртке қарсы қауіпсіздік іс-шарасы таныстырылып дайындық жаттығулары жүргізілді.

2022 – 2023 оқу жылының І жарты жылдығында І ші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау Қазақстан Республикасының Отбасы күніне орай өткізілген «21 – ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз

балаңа үлгі бол» атты республикалық ата –аналар конференциясы; «Отбасылық зорлық зомбылық және өз –өзіне қол жұмсаудың алдын алу» 1-4 сынып оқушыларының ата –аналарымен жиналыс; «5-сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау жолдары» ата -аналарға ұсыныстар беру; «Мамандық таңдау өмірімнің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында 9-сынып оқушыларымен ата-аналарымен бірлескен дәстүрлі емес ата-аналар жиналысы; ҰБТ –ға емтиханға дайындауда ата –аналарды психологиялық тұрғыдан қолдау тақырыбында және «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі және өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбында 1-11 сынып ата –аналар жиналысы өткізілді.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Биыл да мерейлі мереке өз деңгейінде аталып өтілді. Ауылымыздың ақсақалды қарияларызбен әжелерімізді зор құрметпен мәдениет үйіне «*Қарттарын қадірлеген ел ардақты*» атты концерттік бағдарламаға шақырылды. Биылғы жылы тамаша концерттік бағдарлама дайындап, түскі ас ұйымдастырылды. Концертімізді бастамас бұрын ауылымыздың ақсақалы Битанов Дәулетбақ атамыз ақ батасын берді. Береке селолық округінің әкімі Нағызбай Қайсар мырза сөз сөйлеп қарияларымызға тілегін білдірді. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің директоры Бирликбаева Назгүл жақсы лебізі мен тілегін білдірді. Оқушылар өздерінің ән, билерін көрсетсе 9 сынып оқушысы «Қарттарым аман сау жүрші» монологін оқыды. Ардақты ардагерлеріміз өздерін жылы қарсы алып, көрсетілген құрметке марқайып, алғыстарын білдірді.

Мектеп оқушыларының арасында Қазан айында қарттарға құрмет ретінде айлық жүргізілді. Айлық барысында оқушылар ұйымы қарт аталар мен апаларға көмек көрсетті, барлық сыныпта сынып сағаттары өткізілді. «Қарты бар үй қазына» атты тақырыпта сынып жетекшілер, оқушылар арасында дөңгелек стол кітапханада жүргізілді.

Қазан айында 10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен ұстаздарға арналған «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік кеш, концерттік бағдарлама түрінде өткізілді және оқушылар ұйымының ұйымдастыруымен жоғарғы сыныптың оқушылары әр сыныпта сабақ жүргізді.

Мектепте құқықтық тәрбие жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде. Қыркүйек айында «Ел рәміздері – еркіндік нышандары» тақырыбында пікірлесу, қазан айында «Құқығыңды білу – өзінді қорғау» тақырыбында, қараша айында «Суицид қиындықтан шығар жол емес» жасөспірімдерді қорғау инспекторымен, учаскелік инспекторлармен кездесу яғни дөңгелек стол сұхбаттасу болды. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарды қойып пікір алысты. Мектеп психологы тәртібі қиын оқушылармен әңгіме жүргізіп, сауалнамалар алды. Оқушылардың ата-аналарымен кездесулер өткізілді. 2022 жылдың 19-30 қараша аралығында Дүниежүзілік балалар күнінен арналған «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік өткізілді. Бұл онкүндікте спорттық сайыс, «Бала құқығы – адам құқығы» сынып сағаттар, «Менің құқығым» тақырыбында эссе байқауы, «Жасөспірімдердің жауапкершілігі және олардың құқықтары» тақырыбында тренинг өткізілді.

Жыл сайын мектебімізде ЖҚТБ-ға қарсы күрес байланысты мектеп мейірбикесі А.Байтемирова ішімдіктің, темекімен нашаның зияны туралы және СПИД ауруы туралы пікір алмасып, «Біз ЖҚТБ-ке қарсы» тақырыбында сурет байқауы, баяндамалар оқылып, видео көріністер көрсетілді.

Желтоқсан айында Тұңғыш президент күніне орай сынып жетекшілер «Елі сүйген, Елін сүйген Елбасы» атты ашық тәрбе сағаттарын өткізді.

Сондай-ақ мектебімізде «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында іс -шара ұйымдастырылып, 5 сынып оқушылары Жас ұлан, 1-сынып оқушылары Жас қыран қатарына қабылданды. Мектеп мұғалімдері мен мектебіміздің үздік оқушылары Жас ұлан және Жас қыран қатарына қабылданған оқушыларымызға значок пен галстук тақты.

Осы айдың соңында Жаңа жыл мерекесін атап өттік. Бұл мереке 28 желтоқсан күні 3 мезгілде өткізілді. Бастауыш сыныптарда ертеңгілік өткізілсе, ал орта буын және жоғарғы сыныптарда мерекелік кеш болып өтті.

Желтоқсанның 20-сынан бастап жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары жүріп, «Жаңа жыл, Жаңа табыс!» атты мерекелік шараға жоспар бекітіліп 28 желтоқсан күні даярлық тобы, бастауыш сыныптарының мерекелік шыршасымен басталып, жоғарғы сыныптармен жалғасын тапты. Мерекелік іс шараға барлық сыныптар қатысып, мереке өз дәрежесінде өтті.

Қаңтар айының 12 күні Д.А.Қонаевтың 110 жылдығына «Тұғыры биік дара тұлға» атты тақырыбында кітапханашы Г.Койшыгулованың ұйымдастырылуымен іс-шара өткізілді. Іс – шараға тәрбие орынбасары, педагог ұйымдастыршы және 7-11 сынып оқушылары қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Қаңтар айының 8 күні «Менің денсаулығым – менің болашағым» спорттық шара, 19 күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрбол Құдайбергенов пен педагог ұйымдастырушы ұйымдастырумен «Қыс қызығы далада» спорттық сайыс өткізілді.

Қаңтар айының 29 күні 11-сынып жетекшісі Наухан Айжан 8-11 сынып оқушылар арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізді. Дөңгелек үстелде интернеттің пайдасы мен зиян жақтары жайында жайлы тоқталды.

Ақпан айында «Жырлайды жүрек» мектепшілік Мұқағали оқулары өткізілді. Іс-шараға мектеп алды даярлық тобы, 1-6 сынып оқушылар арасында өткізілді.

Мектебімізде аудандық «Ілияс Жансүгіров оқулары» өткізілді. Байқауға 20 мектеп оқушылары 2 тур бойынша қатысып, өз өнерлерін көрсете білді. Байқаудың қорытынды бойынша 9-сынып оқушысы Пермебек Аружан бас жүлдені жеңіп алды, облыстан алғыс хатпен марапатталды.

Наурыз айының 1 күні сынып жетекшілер Алғыс айту күні сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айының 6 күні 5-11 сынып ұлдарының ұйымдастырылуымен «Ана – өмірдің гүлі» мерекелік кеш өткізілді.

Наурыз айының 13 күні мектеп психологі Қасымова Айжан 7-11 сынып оқушыларымен «Бала тәрбиесі және қауіпті интернет» тақырыбында тренинг жүргізілді.

“Жетісу – Адалдық алаңы” жобасының жарғысы негізінде жастар арасында сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жоғары моралдық – эстетикалық нормалар мен құндылықтарды арттыру мақсатында “Саналы ұрпақ – жарқын болашақ” марафонының аясында іс-шара жоспары құрылып, 2020 жылы 19 наурызда “Адал ұрпақ” аясында өткізілді.

Наурыз айының 18 күні мектепшілік «Қош келдің, өз-Наурыз!» мерекелік іс-шара өткізілді. Іс – шараға 1-10 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Сынып ата-аналар балаларына наурыз көжелерін таратты.

Сонымен қатар мектеп оқушылары қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сәуір - мамыр айларында өтетін тазалық айлықтарында оқушылар мектеп ауласына және ауыл тазалығына көп көмек көрсетіп, ағаш көшеттерін отырғызды.

Сәуір айының 20 күні мектеп психолог, тәрбие орынбасары және ЖПҚ ЮПТ инспекторымен бірлескен «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

Мамыр айында 8-10 сынып оқушылар арасында «Бірлігіміз жарасқан» КТА өткізілді.

Мамыр айының 4 күні 5-10 сынып қыздарының ұйымдастырумен Ұлы Отан соғысына 77 жылына «Ерлік жырын жырлаймыз» атты мерекелік кеш жүргізілді.

Мамыр айының 15 күні жалпыұлттық ата-аналар жиналыс өткізілді. Жиналыстың күн тәртібінде:

- ҰБТ-ға дайындық, оқушылардың білім сапасы;
- «Мектеп бітіруші кеші»;
- Жазғы демалысты ұйымдастыру жұмыстары;
- Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мамыр айында «Қоғамдағы – тәртіп негіздері» тақырыбында «Адал ұрпақ» клуб мүшелері мен ауыл әкімі Нағызбай Қайсар Досжанұлы қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.

Мамыр айының 31 күні «Қуғын – сүргін» күнін еске алу.

1-маусым «Балаларды қорғау» күні мерекелік іс-шара өткізілді.

2022 – 2023 оқу жылында сынып жетекшілері ашық тәрбие сағаттарын тақырыптар бойынша өткізді. 1-сынып «Қартты бардың қазынасы бар», 2-сынып «Отбасы әлемі» сын.сағаты, 3-сынып «Туған өлкем кеткен көркем», 4-сынып «Зергерлік өнер зерделі», 5-сынып «Ұстаз – мектептің жүрегі», 6-сынып «Кітап біздің досымыз», 7-сынып «Тәрбие құндылықтар», 8-сынып «Біздің Елбасы», 9-сынып «Тәуелсіздік қазақтың сан ғасырлық арманы», 10-сынып «Еліміздің еркіндігі тәуелсіздігі», 11-сынып «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы», қаңтар айларында 5-сынып «Еңбексіз өмір, сөнген көмір», 3-сынып «Дәрімендер денсаулық кепілі», 11-сынып «Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі», ақпан айларында 7-сынып «Жол қозғалысының қауіпсіздігі», 9-

сынып «Сыбайластық жемқорлыққа жол жоқ», наурыз айларында «Ана», сәуір айларында 8-сынып «Қазақ халқының әдеп - ғұрыптары», мамыр айларында «Ұлы Жеңіс – жасасын!» тақырыбында сыр сұхбат, танымдық кеш түрінде сынып, тәрбие сағаттары өткізілді. Топтық ойындар, тренингтер, рөлдік ойындар, жағдаяттар шешу жұмыстары қамтылады. Сыныптан тыс жұмыстарға да толық ат салыса қатысты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

С.Е.Семкулова